

#1-2

(1015-1016)

17 қаңтар

2025 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

# JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

# ЛЕГИОНЕРГЕ 200 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ ЖҰМСАЛДЫ



**САЛЫНҒАН  
СТАДИОН  
ЕКЕУ...**

«ФУТБОЛ САЛАСЫНА 200 МИЛЛИАРДТАН АСТАМ ҚАРАЖАТ БӨЛІНГЕН. ОНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ЛЕГИОНЕРЛЕРГЕ ТӨЛЕУГЕ ЖҰМСАЛҒАН. БАСҚА ДА ТИІМСІЗ ШЫҒЫНДАР БАР. ОСЫ ЖЫЛДАР ІШІНДЕ НЕБӘРІ ЕКІ СТАДИОН САЛЫНДЫ».

Ұлан САРҚҰЛОВ,  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі  
төрағасының бірінші орынбасары

▼ BRENT \$80,32

▼ USD 533 T

▼ EUR 550 T

▼ RUB 5.23 T

«ПАРА ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫҚТЫ АЯҚТАЛҒАН ҚЫЛМЫС ДЕП ТАНУ АЙҚЫН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ӘСЕРГЕ ИЕ БОЛАДЫ. БҰЛ МЕМЛЕКЕТКЕ ЗИЯН КЕЛТІРГЕНГЕ ДЕЙІН ПАРАҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІНІНЕ СЕНІМДІМІН».

Олар шенеунік саналмайды, сәйкесінше сыбайлас жемқорлық қылмысының субъектісі емес. Дегенмен бұл қоғамда сыбайлас жемқорлық ретінде қабылданады.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ҚҰРТУ ҮШІН ӘРКІМ ӨЗІНЕН БАСТАУЫ КЕРЕК

**М**әжілісте заң жобасын таныстырған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Сарқұлов осылай деді.

Агенттік өкілінің айтуынша, бұл – заң жобасындағы негізгі бастаманың бірі. Қылмыстық кодекске пара ұсыну, оны беруге уәде етуді криминализациялау бойынша түзетулер заң жобасына енгізілген. Бұл мәселе 16 жылдан бері күн тәртібінде тұр. 2008 жылы еліміз ратификациялаған БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында қылмыстық жазаланатын әрекеттер ретінде параны уәде етуді, ұсынуды, параны бопсалауды тану жөніндегі заңнамалық шараларды қабылдау қажеттілігі туралы көрсетілген.

Ұ. Сарқұлов пара ұсынуды, оны уәде етуді қылмыс деп тану бойынша түзетулерді пысықтау барысында алыс және жақын шет елдердің халықаралық тәжірибесі мұқият зерделенгенін атап өтті: «Осы сияқты баптың болуы тіпті пара туралы әңгіменің өзін қолайсыз етеді, әрі тиісті мәдениетті қалыптастырады».

Тамыры терең сыбайлас жемқорлықтан бірден арылу мүмкін емес екенін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Мәселен, әлі күнге дейін халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), ауруханалар қызметкерлерінің сыйақыларды бопсалау деректері кездеседі. Ұ.Сарқұлов мынадай дерек келтірді: 2023 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің call-орталығына 27 мыңнан астам қоңырау шалу дерегі тіркелді. Оның ішінде 2 мыңға жуық



қоңырау eGov мәселелері бойынша және ХҚКО қызметкерлеріне шағымдарға қатысты. 1,5 мың өтініш медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша, 940 қоңырау білім беру саласындағы шағымдар. Аталған ұйымдардың қызметкерлерінің заңсыз сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауаптылығы Қылмыстық кодекстің қолданыстағы 247-бабы бойынша туындайды.

«Мемлекеттік орган, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйым қызметкерінің заңсыз сыйақыны қорқытып алуына байланысты қылмыстарды анықтау жөніндегі жұмысты жетілдіру қарастырылды. Түзетулер 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі тапсырмасын орындауға бағытталған. Тәжірибеге сүйенсек, Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, ауруханалардың, жоғары оқу орындарының, банк қызметкерлерінің сыйақыларды бопсалау деректері жиі кездеседі», – деді Ұ.Сарқұлов.

«Қылмыстық кодекс сыйақыны заңсыз бергені үшін жауапкершілікті көздейтін жаңа 247-1-баппен толықтырылды. Бұл парақорлыққа ұқсас, тек алушыларды ғана емес, сыйақыны берушілерді де жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Қылмыстық кодекстің 247-бабы үшінші бөлігі (ірі мөлшерде немесе бопсалаумен сыйақы алу) және 247-1-бабының үшінші бөлігі бойынша (ірі мөлшерде сыйақыны беру) ішкі істер министрлігімен қатар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет үшін баламалы тергеулік енгізіледі», – деді Ұлан Сарқұлов.

Сонымен қатар заң жобасы аясында ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін сотталғандардың жария тізілімі енгізіледі.

Антикор басшысы заң жобасындағы көп нормалар сыбайлас жемқорлықтың жолын кесетінін айтты. Дегенмен бұл дертті жеңу үшін әркім өзінен бастауы керек.

**ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІНЕН КЕЙІН ЕҢ КӨП ТАЛҚЫЛАНҒАН ТАҚЫРЫП МОБИЛЬДІ АУДАРЫММЕН БАЙЛАНЫСТЫ. КӨПШІЛІК ҮШІН БҰЛ ІШЕКТИ ТАРТҚЫЗАТЫН ТЫҢ ТАҚЫРЫП ТА ЕМЕС. ӘНЕ БІР ЖЫЛЫ ОТАНДЫҚ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ БІРІНДЕ САУДАГЕРЛЕРДІҢ БАНК ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ТӨЛЕМ ЖАСАТЫП, МЕМЛЕКЕТКЕ БІР ТИЫН САЛЫҚ ТӨЛЕМЕЙТІНІ ТУРАЛЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАНҒАН. МАҚАЛА АВТОРЫ НЕГЕ ЕКЕНІН, МҰНДАЙ ЖАҒДАЙДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘЛГІ БАНКТІ КІНАЛАҒАН. АЛ ШЫНДЫҒЫНДА БҰЛ МӘСЕЛЕГЕ КЕЗІНДЕ ЕШКІМ МӘН БЕРМЕГЕН. ҚАЛАЙ БОЛҒАНДА ДА, ӘЛГІ ЖАРИЯЛАНЫМ САЛЫҚҚА БАС ҚАТЫРМАЙ КЕЛГЕН ҰСАҚ САУДАГЕР МЕН ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ҚАЛЫҢ «ҚАБАТЫН» КӨТЕРУГЕ ТҮРТКІ БОЛДЫ.**

Өткен жылдан бері «бір айда 100 аударым» жасатқандар салық мекемесінің назарына ілінетіні үсті-үстіне айтылды. Биылғы жыл да «үш ай бойы 100 аударымнан немесе 255 мың теңге» жырынан басталды. Мемлекеттік кіріс комитеті түсіндіру жұмысын күшейтті.

Байқаймыз, екі жылдан бері күндіз-түні жүргізілген үгіт-насихатқа құлақ асатындар некен-саяқ. Әсіресе, әлеуметтік желіде мәселені майшаммен қарап, жіліктеп жатқандар көп. Көбі салық төлеуге қарсы. Оларға салсаң, базардағы алыпсатар, үй маңайындағы дүкен иесі, шаштараз, таксист дегендер мемлекетке салық төлеуге міндетті емес. Арасында өздері қосымшасын пайдаланып, қызығын көріп жүрген банктен кету керек деген пікір айтатындар бар. Құдды басқа банктер «100 аударымға» көз жұмып қарайтындай-ақ!

Тағы да еске салайық: Мемлекеттік кірістер комитеті жеке тұлғалардың кірістерін әкімшілендіру басқармасының басшысы Дина Құсайынова мобильді аударым кезінде сома емес, санның маңызды екенін айтады.

Басқарма басшысы: «Әр адамнан 1 теңгеден аударым түссе, мұнда сома маңызды емес, бастысы – адам саны. 50 адам 1 теңгеден жіберсе, бұл 50 мобильді аударым.

Мемлекеттік кіріс комитеті жеке тұлғалардың кірістерін әкімшілендіру басқармасының бас сарапшысы Ерсайын Көптілеуұлы салық режимінің арқасында такси жүргізушілері тек 1 (!) пайыз салық төлейтінін айтты.

«Такси қызметін пайдаланушылар көп жағдайда «Яндекс» немесе «Индрайвер» қосымшаларын

## МОБИЛЬДІ АУДАРЫМНАН НЕСІНЕ ҚОРҚАСЫЗ?



Егер осылай 100-ден астам адам үш ай қатарынан аударым жасайтын болса, бұл бақылауға алынады. Мобильді аударымды жеке мақсатта пайдаланатындар, яғни туыстарына, жақындарына, балаларына ақша аударатындарға бақылау жасалмайды. Өйткені оны оңай дәлелдеуге болады. Мәселен, анасы күнде баласына ақша жіберуі мүмкін, ол күніне 10 рет аударым жасауы мүмкін, бірақ бұл тек 1 адам, бір ғана жеке тұлға жіберуші болып есептеледі. Мұндай жағдайда бақыланбайды», – деп түсіндірді.

Дегенмен бұл өзгеріс Ұлттық банкпен келісу сатысында, яғни енді қарастырылады.

Кәсіпкер ретінде тіркелмей кәсіппен айналысқан азаматтар алғашқы бұзушылық үшін 15 АЕК (58 980 теңге) көлемінде айыппұл арқалайды. Қайталанған жағдайда – 30 АЕК (117 960 теңге).

пайдаланады. Онда мемлекеттік кіріс комитетінің бастауымен салық режимі ашылған. Ол бойынша азаматтар тек 1 пайыз салық төлейді. Соның ішіне зейнетақы жарнасы мен медициналық сақтандыруы кіреді. Сондықтан бұл такси жүргізушілеріне таптырмас мүмкіндік деп ойлаймын», – деді Е.Көптілеуұлы.

Мемлекеттік кіріс комитеті өкілдері садақа мен қайырымдылық шаралары кәсіпкерлікке жатпайтынын ескертеді. Емге ақша жинағандар оны растауы керек.


Қазір сауда мен қызмет көрсету саласында өзіне-өзі жұмыс істейтіндердің біртіндеп QR-ға ауысқаны байқалады. Сондықтан кейбір ақпарат құралдарының «жұрт жаппай қолма-қол ақшаға көше бастады» деген байбаламы шындыққа жанаспайды.

**Наргүл МЫРЗАХМЕТ**

# ЕЛІМІЗДЕ ҚАНША МҰНАЙ ӨҢДЕЛДІ? (2024 ЖЫЛ, ТОННА)

## ПАВЛОДАР МҰНАЙХИМИЯ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

**БАРЛЫҒЫ – 5,5 МЛН**



Дерек көзі: Павлодар МХӨЗ

## АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

**БАРЛЫҒЫ – 5,546 МЛН ТОННА  
(80 ЖЫЛДАҒЫ ТАРИХИ РЕКОРД)**



Дерек көзі: Атырау МӨЗ

## ШЫМКЕНТ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

**БАРЛЫҒЫ – 5,5 МЛН**




Дерек көзі: Шымкент МӨЗ

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫ, ӘСІРЕСЕ CHATGPT, ҚОҒАМДА ПІКІРТАЛАС ТУДЫРЫП ОТЫР. ҮКІМЕТ ҮЙІ ЕНДІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ҚОЛДАНАМЫЗ ДЕП БЕКІНІП ОТЫРСА, МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ МАГГЕРРАМ МАГЕРРАМОВ ОНЫҢ БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН ҚАУПІ БАР ЕКЕНІН АЛҒА ТАРТҚАН ЕДІ. JAS QAZAQ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫНЫҢ МАМАНЫ МӘДИНА ЕСІМХАНҚЫЗЫНАН ОСЫ БІР ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТА ПІКІРІН СҰРАДЫ.**

**М**әдина Есімханқызының айтуынша, ChatGPT сынды үлкен тілдік модельдер (LLM) көптеген салаларда көмектесіп, студенттерге, оқытушыларға, кәсіпкерлерге және ғалымдарға бірдей пайдалы бола алады. Алайда, мұндай технологиялардың кемшіліктері де бар.

«ChatGPT – кем дегенде он триллион таңбаға дейін үйретілген терең нейрондық желі. Оның білім қоры тарих, әдебиет, математика және медицина сияқты түрлі салаларды қамтиды. Бұл құралды студенттер кеңесші ретінде пайдаланса, уақыттарын үнемдейді. Алайда, LLM-дердің шектеулері де жоқ емес. Олар күрделі логикалық пайымдауларды орындай алмайды және кейде жалған ақпарат таратады. Сондықтан студенттер бұл құралды қолданғанда сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін жетілдіруі керек,» – дейді Мәдина Есімханқызы.



## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БОЛАШАҒЫМЫЗҒА ҚАУІП ПЕ, ӘЛДЕ ЖАҒА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҒЫ МА?



Қазірде фотоны бейнеге айналдыратын құралдар бүгінде TikTok сияқты платформаларда танымал болып жатыр. Мұндай технологиялар адамдарға жақындарын еске алуға немесе креативті жобалар жасауға мүмкіндік береді. Бірақ жалған медианың таралу қаупі де бар екенін маман жеткізді. Сондықтан қоғам ақпаратты қабылдауда аса сақ болуы тиіс.

Билл Гейтстің айтуынша, жасанды интеллект ұялы телефондар мен интернет секілді төңкеріс жасайды. Мәдина Есімханқызы Қазақстанда ЖИ саласында отандық өнімдерді дамытуға үлкен мүмкіндіктер бар екенін атап өтті.

«Егер біз орта деңгейлі LLM-модельдерін жасап шығарсақ, бұл ұлттық сұраныстың кем дегенде 90%-ын қанағаттандыра алады. Мұндай модельдер қоғамдық секторда, білім беру, денсаулық сақтау, қаржы және басқа да салаларда қолданылып, ел экономикасына елеулі үлес қосады. Сонымен қатар, шетелдік модельдерден тәуелсіз болу құпия ақпараттарды қорғауға мүмкіндік береді,» –

дейді маман. Жасанды интеллекттің әлеуеті зор, бірақ оны дұрыс пайдалану мен сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту қоғамның негізгі міндеті болуы тиіс. Еліміз бұл саланың қауіптерін азайтып, мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға ұмтылуы қажет көрінеді.

**Олжас ӘБДІХАЛЫҚ**

**БҮГІНДЕ КІМ НЕ АЙТПАЙ  
ЖАТЫР? ДӘСТҮРГЕ ЖАТ  
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КӨРСЕТЕТІНДЕЙ,  
БІЛІП-БІЛМЕЙ МОЙЫНҒА КҮНӘ  
АРТАТЫНДАЙ БАСЫМЫЗҒА  
ҚАНДАЙ КҮН ТУДЫ? ЕРКІНДІКТІ  
ЕЛІРУМЕН, АШЫҚТЫҚТЫ  
АРАНДАТУМЕН ШАТАСТЫРЫП  
АЛҒАНДЫ ОТАНДАСТАР  
КЕШІРГЕНІМЕН, ҚАТАЛ ЗАҢ  
ТАЛАБЫ БАСЫНАН СИПАЙ  
ҚОЙМАСЫ АНЫҚ. ӨЙТКЕНІ  
ӘРБІР СӨЗДІҢ, ӘР ІСТІҢ ЖҮЙЕСІ  
БАР. «ЖҮЙЕСІЗ СӨЗ ИЕСІН  
ТАБАР» ДЕГЕН ДАНАЛЫҚ СОЛ  
СЕБЕПТІ АЙТЫЛАДЫ.**

Олардың кәсіби артықшылығы – қоғаммен де санасып, саланың мүддесін де ойлап, сенімді жоғалтпауы, барды ұқсатуы, дәстүрге адалдығы мен шығармашылық дамуға ұмтылысы.

Салиқалы БАҚ-тың алтын заңы – өзін-өзі реттеу ісіне көп көңіл бөлу. Ең бастысы, мұндай үрдіс елімізде демократиялық саяси мәдениет қалыптастыруға ықпал етеді. Тіпті жарияланымға қатысты шағым, арыз түскенде, түсінбестік пен дау туындағанда, қадағалаушы мемлекеттік органдарды араластырмай, кәсіби жағынан жоғары білікті мамандардан

сенімді сақтауға тиіс. Одан да маңыздысы: бұл мемлекеттік тапсырысқа тәуелділіктен бірте-бірте арылу, бірыңғай азаматтық қоғам мүддесін қорғау жолы.

Мұның әділеттікті, өркендеуді мақсат еткен мемлекет үшін тиімділігі орасан.

Ал БАҚ-тың өзін-өзі реттеу тетігі - мемлекет заңдары және Әдеп кодексі. Кезінде, 2012 жылы 30 қазанда, ел тарихында тұңғыш рет Қазақстан Журналистер одағы мен Бас редакторлар клубы бірлесіп талқылап, қабылдаған бұл Кодекс – журналшының кәсіби мәртебесін құрметтететін, оларға сенім артып,

## АҚПАРАТ ЖӘНЕ

**М**емлекет басшысы: «Аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ойланбай қабылданған бір шешім елге зардабын тигізуі мүмкін» деп ескертуінің де салмағы ерекше.

Әрине, қоғамдық пікірдің парқы бағаланып, екшелетін заманда өмір сүріп жатырмыз.

Дегенмен, халық қалт айтпайды: бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде жария етілген пікірдің озығы да, тозығы да бар.

Жалпы сөз еркіндігі – журналшылардың әрі жеке, әрі кәсіби жауапкершілігі. Бұқара алдындағы міндеті мен оқырман, көрермен сенімін ақтауы. Сондықтан жауапты БАҚ-тың салада да, бұрқ-сарқ қайнаған редакцияда да өзін өзі реттейтін, диалог жүргізіп, кез келген күрделі тақырыпты талдап, талқылайтын иммунитеті болады.



тұратын ақылдастар кеңесінің, қауымдастықтың, одақтың шешіміне басымдық беру – қай жағынан да қисынды. Шынайы жұмыс істейтін құрылымдар үшін бұл жерде де жауапкершілік жүгі зіл батпан. Өйткені арызданушы мен БАҚ арасына түсіп, қос тараптың дұрыс не бұрыс қадамын уәжбен дәлелдеу, объективті шешім қабылдау арқылы журналшылардың кәсіби стандартын белгілеу – үлкен сын. Екінші жағынан, бұрмаланған ақпаратты терістеу немесе оны тоқтату арқылы БАҚ-қа деген

жауапкершілігін айқындайтын қағидаттар мен нормалар құжаты еді.

Ол кәсіби дербестікті сақтап, қоғам мүддесіне қызмет етудің жолын нұсқады. Журналистика факультеті табалдырығын аттаған студенттен бастап, кәнігі қаламгерге дейін оқып, көкейіне тоқуға тиісті Әдеп кодексіне, өкінішке қарай, тиісті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатыр. Демократия жолымен қабылданған құжатты толықтыруға, өзгертуге де болар еді. Алайда бұған ден қойып, пайдалануына

байыпты БАҚ-тардың (оның ішінде құрылтайшыға тәуелділері де, мемлекеттік меншіктегісі де бар), сондай-ақ бесаспап, тәжірибелі журналшылар құлықсыздығы кедергі болған секілді. Әлем тәжірибесіне қарасақ, мұндай ережелер, кодекстер тым тәуір әрі тиімді қолданылып келеді.

Әрине, дүниеде болып жатқан құбылыстар БАҚ саласын айналып өтпейді. Өзгерістерге орай жұртшылықпен және масс-медиамен байланыс орнатудың, жұмыс істеудің форматтары да күрделене түсті. Журналшы-фрилансерлер, блогерлер саны

етеді. Сондықтан осы саланы нығайтуға қаржы аямаған жөн. Бүгінде әлемге көз салыңыз, қым-қуыт ақпараттық майдан жүріп жатыр. Ақпараттық терроризм тағы бар. Осындай қатерге қарсы тұра алатын әлеует, иммунитет қалыптастыру қажет. Мұндай әлеует бізде бар. Енді оны әрі қарай жоспарлы, жүйелі түрде күшейтуге көңіл бөлетін кез келді. Алда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы мамандар буынын даярлау міндеті тұр деп ойлаймыз.

Демократиялық жолмен қанат жайып, өркениеті өрге озған

ету журналшылардың біліктілігіне, ең бастысы кәсіби шеберлігіне байланысты екені белгілі.

Әр түрлі кәсіп иелерінің, мықты мамандар мен сарапшылардың сындарлы ұсыныстары да кәсіби жауапкершілікке негізделеді.

Бүгін еліміздегі ақпарат көздері түгел мемлекеттік мүддені қорғап, насихаттайды деп айта алмаймыз. Сондықтан ақпарат кеңістігімізді сыртқы ықпалдан қорғаудың өзін баспасөз бостандығын сақтау тұрғысынан қарастыруға тура келеді. Оны шешудің мәнді бір жолы – өз азаматтарымыздың беделді, пәрменді, сапалы отандық басылымдармен байланысын арттыру. Азаматтық қоғам міндеті – мемлекеттегі саяси тұрақтылық пен ел мүддесін бірлесіп қорғау.

Әрбір азаматтың санасында, ой-өресінде “ақпараттық

қорған” қалыптасса, оның билікке, баспасөзге деген сенімі нығаяды. Отбасы, Отаны алдындағы азаматтық борышын сезінеді. Өйткені, қазіргі заманның басты құралы, тиімді тетігі – ақпарат. Көзі ашық, сауатты адам сапалы яғни сауатты да пайдалы ақпарат іздейді. Тапқанын сараптай біледі, таңдағанын парықтайды.

Бүгін ақпарат жағынан қорғансыз болу – мемлекет үшін қаншалықты қауіпті болса, жеке адам үшін де соншалықты қатерлі. Сондықтан еліміздің экономикалық, әлеуметтік, геосаяси, рухани мәртебесін, мүддесін арттыруда, жаңа саяси мәдениет қалыптастыруда отандық БАҚ-тың рөліне ерекше мән беру қажет. Бұл абыройлы миссия тиісті сала мамандарынан, журналшылардан үлкен жауапкершілікті талап етеді.

# ЖАУАПКЕРШІЛІК

күн сайын көбейіп келеді. Түрлі коммуникацияларды, соның ішінде әлеуметтік желілерді пайдаланудың қолайлы, икемділігімен қатар өзіндік проблемалары да шығып жатыр. Ақпараттың жалғандығын, фейк екендігін анықтауға бұрынғы дәстүрлі әдістер аздық етуде. Хабардың, жаңалықтың шынайылығын тексеретін жасанды интеллектіні қолданып, жаңа технологияларды, арнайы бағдарламаларды енгізбесе, іс насырға шабатын түрі бар. Осыған байланысты халықаралық қауымдастықтар түрлі бірлескен жобаларды әзірлеуде серіктестер іздеп жатқаны да тегін емес.

Алдағы кезде ақпараттық қауіпсіздік мәселесі әлем үшін ерекше мәнге ие болары хақ. Біздің еліміз үшін де ең маңызды әрі қымбат салаға айналады. Бұл елдің есік-терезесін, қақпасын тарс жауып, іргесін бүркеп алу дегенді білдірмесе керек. Ақпараттық шабуыл, қатер көктен де, жерден де келуі мүмкін, әрі күтпеген тұстан тұтқиылдан тап береді. Кез келген қауіп-қатер ең әуелі ақпарат арқылы жетеді. Сөйтеді де адамдардың санасын сансыратады, ұғым-түсінігін басқа жаққа қарай бұрып дүрліктіреді. Адам сана-сезіміне ең бірінші ақпарат ықпал

мемлекеттердің салиқалы, салмақты басылымдары дәстүрлі нұсқасынан бөлек электрондық сайттарын ашқанын білеміз. Олардың көпшілігі ғылымның, цифрлық технологияның жетістіктерін, жасанды интеллектіні қолдану аясын насихаттауға басымдық беруге көшіп жатыр. Мысалы, жер орбиталарының төменгі, жоғары бөліктерін пайдалану, ғарышты игеру жолдарын кеңінен талқылауы – осыған дәлел. Жуық арада жүзеге асатын осындай ізденістер барлық салаға жаңалық әкелетіні жөнінде мақалалар, аналитикалық зерттеулер жариялана бастады. Оның қоршаған ортаға, халықтың денсаулығы мен көңіл-күйіне, әлеуметтік-тұрмыстық деңгейіне оң әсер беретіні айтылып жатыр. Әрине, иландыру арқылы. БАҚ ықпал етудің осындай ұтымды жолын ғана пайдаланады.

Міне, мұны оразды елдердің сөз бостандығы мен ақпарат тарату ісіндегі өнегесі деуге болады. Оқырмандар үшін саясаттан, айтыс-тартыстан гөрі осындай адамзат өміріне анағұрлым жақын, пайдалы тақырыптардың көкейкесті екені біраз ойға жетелесе керекті. Басқаша айтқанда, заманауи басылымдарды қызықты, тартымды



**ДАРХАН МЫҢБАЙ,**  
Халықаралық Ақпараттандыру  
Академиясының академигі

**ҚАЗАҚ ЕЛІ АУЫР  
ҚАЗАҒА ҰШЫРАДЫ.  
БЕЛГІЛІ АБАЙТАНУШЫ,  
ӘДЕБИЕТТАНУШЫ  
ҒАЛЫМ, ФИЛОЛОГИЯ  
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ  
ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНЫҢ  
ЖӘНЕ «ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ  
ҚЫЗМЕТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ  
МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫ  
ӨМІРДЕН ӨТТІ.**

**МЕКЕМТАС АҒА  
ӨМІРІНІҢ СОҢЫНА  
ДЕЙІН ТЫНЫМ ТАПҚАН  
ЖОҚ. ХАЛЫҚҚА ҚАЖЕТ  
ДҮНИЕЛЕРДІ МЕЙЛІНШЕ  
ЖАРЫҚҚА ШЫҒАРЫП  
КЕТУДІ МАҚСАТ  
ТҰТТЫ. АБЫЗ АҚСАҚАЛ  
ҚОҒАМДАҒЫ ТҮЙТКІЛДІ  
МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ ӨЗ  
ОЙЫН АШЫҚ АЙТАТЫН.  
«JAS QAZAQ» ГАЗЕТІНДЕ  
ДЕ МЕКЕМТАС АҒАНЫҢ  
БІРНЕШЕ СҰХБАТЫ  
ЖАРЫҚ КӨРДІ. 2019  
ЖЫЛҒЫ 9 ТАМЫЗДАҒЫ  
СҰХБАТЫН ЭЛЕКТРОНДЫҚ  
ГАЗЕТІМІЗДЕ ЖАРИЯЛАУДЫ  
ЖӨН КӨРДІК.**

**Jas qazaq:** Мекемтас аға, ертең Абай Құнанбайұлының туған күні. Келер жылы ұлы ақынның туғанына 175 жыл толады. Жұрттың бәрі жаппай Абай өлеңдері мен қара сөздерін жатқа оқып жатыр. Жыр эстафетасынан абайтанушы Мекемтасты таба алмадық. Неге?

**М.Мырзахметов:** Біздің қазақ тотықұс сияқты: Абайды жатқа оқиды. Бірақ Абайдың ойын



# «БҮГІНГІНІҢ БАЙЫНДА ҚАНАҒАТ ЖОҚ»

білмейді. Өлеңінің мазмұнын түсінбейді. Жалпы Абайды түсіну қиын. Мені ешкім шақырған жоқ. Шақырса, бір өлеңін оқитын едім.

**Jas qazaq:** Сонда Абайды түсіну үшін не істеу керек?

**М.Мырзахметов:** Абайды өмір бойы зерттеп жүрген менің өзім зорға түсіндім. Өйткені, біз Абайдың терминдерін білмедік. Мысалы, аспирантурада оқып жүргенде «Алла деген сөз жеңіл» деген өлеңінің:

*«Ақыл мен хауас барлығын,  
Білмейдүр, жүрек сезедүр.  
Мұтәкәллимін, мантикин  
Бекер босқа ездүр»,* – деген

жолдары бар. Түк түсінбедім. Өзбектерге бардым. Олар жарытпады. Татарларға бардым. Олар шамалап бірдеме де айтты. «Бізден гөрі өзің жақсы біліп тұрсың ғой», – деді татарлар. Хауас деген сөзді үш жыл іздеп, ақыры конференция ашып шықтым.

**Jas qazaq:** Абайды Әуезовтен кем танымаған шығарсыз. Кемеңгер ақын қазақтың кейбір мінезіне қатты ашынып өлең жазды, қара сөз арнады. Сіз бұрынғы сұхбаттарыңызда бүгінгі қазақ мінезінің өзгергенін көп айтып жүрдіңіз. «Қазақ қалай шоқынды?» деген кітап жаздыңыз. Жалпы, қазаққа жасалған қиянат, қазақ мінезінің өзгеруі қай кезден бастау алды?

**М.Мырзахметов:** Қазақ мінезі көп өзгеріске түскен халық. Қазақ мінезін, болмыс-бітімі мен табиғатын өзгерткен – патша үкіметінің болыстық жүйесі. Тарихшылар оны ашып айтпайды. Патша үкіметі кезінде қазақты тоздыру үшін әртүрлі жабайы тәжірибелер жасалды. Жандайшаптар патшаға хат жазған. Хатта «Қазақ даласында сексеуіл деген өсімдік өседі. Оны балталап, аралап шаба алмайсың. Сексеуілді



сексеуілмен ғана ұру керек. Сонда быт-шыт болады. Қазақ та сексеуіл сияқты: оларды бір-біріне айдап салу керек», – деп жазған.

Міне, сөйтіп патша Сырдарияның генерал-губернаторына тапсырма берді. Ол ел билеу жүйесіндегі болыстық жүйені жасады. Ол өзі әбден пысқан, ысылған адам. Патшаға ұнайды. Патша «Енді осы жүйені өзіңнің қарамағыңдағы бір болысқа қолданып көр. Не шығар екен?», – дейді. Оңтүстікте, Түлкібас ауданында Майлықент дейтін жер бар. Сол жерден Майлықент болысын құрады. Онда дулат елінің құли және шілменбет деген екі руы отырады. Солардың арасынан ауылнай, елубасы, би, болыс сайлап, бір-бірімен бәсекеге түсіреді. Жалпы 70 штатқа таластырады. Нәтижесінде қазақты қазаққа айдап салады. Әкесі баласының үстінен, баласы бауырының артынан арыз жазады. Қазақтың мінез-құлқы алғаш рет сол кезде бүлінді. Абай осыны көрді. Сөйтіп, ол өзінің «Толық адам» деген ілімін жасады. «Толық адам» арқылы рухани азып бара жатқан қазақты тәрбиелеп аламын деп ойлады. Бірақ ғұмыры жетпеді.

**Jas qazaq:** «Толық адамы» қандай адам болу керек?

**М.Мырзахметов:** Абайдың «Толық адамы» – ақылды адам. Ақылы нұрлы ақыл болуы керек. Қазақ мінезін одан ары құрдымға кетірген – бүгінгі капиталистік қоғам. Капиталистік қоғамда бай одан сайын қоңдана береді. Ал кедейдің сіңірі шыға береді. Бұл сондай опасыз қоғам. Испанның бір ғалымы «бай мен кедей арасындағы осы қашықтықты қалай жоямыз?» деген сұраққа бар өмірін арнапты. Сол ғалым бір ғана жол тапқан. Қалай дейсіз бе? Ол «Байлардан алынатын салықты көтеру керек. Түскен салықтың белгілі бір бөлігін кедейлер мен орта шаруаларға бөліп беру керек. Сонда ғана гармония болады», – дейді.

Кедей мен байдың арасалмағы алшақтаған сайын қоғамнан тыныш кетеді. Оның үстіне, біздің байлардың дені – ат төбеліндей бір шоғыр ғана. Оларда билік те,

байлық та бар. Олардан салық та алынбайды. Заңды өздеріне икемдеп алған. Екеумізден алынатын салық айына миллион доллар табатын дөкейлерден де алынады. Осы әділ ме?

Саған өтірік, маған шын: бір әңгіме айтып берейін. Зейнет жасындағы, асарын асап, жасарын жасаған әлдебір олигархтың тоқалының үйін көрдім. Алатаудың ең көрікті жерінде. Таудың ішіне кіргенде, алдыңыздан төрт қабатты зәулім сарай шығады. Сол сарай әлгі байдың бір тоқалының үйі екен. Ана сарайды салуға кеткен ақшаны екеуміз өмір бойы жұмыс істесек те таба алмаймыз. Ал аналар оны ойланбай табады да, тоқалына бере салады. Мен біздің олигархтардың маңдайы терлеп жұмыс істемей миллионер, миллиардер бола алатынына таңым бар. Миым жетпейді. Тіпті олардың өзі ғана емес, баласы мен немерелері де жұмыс істемейді. Бірақ ақшалы. Тоқсанға келген, өмір бойы ғылымға, ұлтқа еңбек еткен менің өзімде ондай ақша жоқ. Ал оларда қайдан келген ақша? Не салыққа төлемейтін, не халыққа төлемейтін байлықтарының сұрауы жоқ па?

**Jas qazaq:** Әртүрлі жолмен ай сайын миллион доллар табатын сол олигархтарыңызда қанағат, тойым деген бар ма?

**М.Мырзахметов:** Біздің заманымыздан бұрынғы 626 жылы Тұранның ұлы патшасы өзі жомарт, өзі дархан жан болыпты. Жүрген жерінде байлығын халқына шашып жүреді екен. «Мені ақи деп біліңдер. Ол менің жалпақ атым болсын», – деген. Ақи – жомарт жан деген сөз ғой. Патша өлген соң түрік қалаларындағы жастар «Біз де ақи боламыз» деп саудамен айналысыпты. Ақи культке айналыпты. Ол кезде түрік қалаларында ақша көп болған. Әлгі жастар тапқан ақшаларының аз бөлігін бала-шағасының несібесіне қалдырып, қалғанын түгелдей халыққа таратып береді. Қазір бізде де ақилар көп. Бірақ олар тапқан ақшасын түгелдей қойын-қоншына тыға береді, тыға береді. Бүгінгінің байында тойым жоқ. Қанағат жоқ,

ынсап жоқ. Себебі біздің ақилар құныққандар. «Ашыққаннан құныққан жаман» дейді. Мені осылардың тойымсыздығы қорқытады. Дүние-мүлкі шашылып, іріп-шіріп жатса да тоймайды. Шенеуніктің кедейі жоқ. Құдды мемлекеттік қызметке жұмыс істеу үшін емес, баю үшін баратындай.

**Jas qazaq:** Бәлкім, мұның сыры мемлекетшіл тұлғалардың аздығынан болар? Елін сүйген, өз мемлекетін жақсы көрген кез келген азамат өз Отанына зиян жасаудан арланса керек-ті?

**М.Мырзахметов:** Бізде кадр саясатынан өте үлкен қателік жіберілді. Яғни біз Сталиннің методын қолдандық. Ол билікке тек қана технократтарды алды. Технократтар ойланбайды, орындайды. Қоғамдық ғылым мамандарынан ешкімді қоймады. Қазір де солай. Шенеуніктердің дені – технократтар. Үкіметке қоғамдық ғылымның өкілін қою керек. Ол ойлана алады.

Йассауи бабамыз айтқан: «Ғалым екеудүр: жан ғалымы, тән ғалымы. Жан ғалымы хазіретіне жақын тұрар, тән ғалымы нәпсі үшін қаладүр», – дейді. Бізде сол тән ғалымдары салтанат құрған. Еуропалықтар «Жан ғылымы көзге көрінбейді, оны зерттегеннен не пайда?» деп, тән ғылымын қолға алды. Ғылымды өкіртіп тұрып дамытты, техниканы жетілдірді. Ақыр соңында рухани жақтан азғындап тынды. Қазір содан шығар жол таппай отыр. Олар рухани байлықты бізден алмаса, басқа жол жоқ.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ:

*Күншығыстан таң келеді,*

*мен келем,*

*Көк күңіренеді: мен де көктей*

*күңіренем...*

*Күншығыста ақ алтын*

*бір сызық бар:*

*Мен келемін, мен – пайғамбар,*

*Күн ұлы – деп өлең жазған.*

Демек, еуропалықтарға рухани байлықты біз – қазақтар береміз. Негізі Абайдың ілімі бүкіл дүниені тәрбиелейді.

**Jas qazaq:** Сіз осыдан бірнеше жыл біздің газетке берген сұхбатыңызда:

«Біз еуропалық ұлтқа айналып бара жатырмыз» деген едіңіз. Ал қазір «Еуропалықтарды біз тәрбиелейміз» деп отырсыз. Бұл қалай?

**М.Мырзахметов:** Еуропада қаншама ұлт пен ұлыс жұтылып кетті. Жаһандану деген алапат тажал дегенін істеді. Алайда біз Батысқа жұтылмаймыз. Жұтылуға тиіс емеспіз. Тәуелсіз ел болып, көзіміз ашылды. Енді күш бермейміз. Бірақ қазақ қыздарының бұзылып кеткенін жоққа шығармаймын. Тіпті әйелдер де бұзылды. Анағанмынаған еліктейміз деп етегімізді аштық. Қайтіп жаба алмай қалдық. Қыз мінезінің бұзылғаны сондай – әйел затынан алаяқтар көп шығатын болды. Екі күннің бірінде теледидардан алаяқтықпен біреулерді алдап-арбап ұсталып жатқан қыз-келіншектерді көрсетеді. Тіпті ер-азаматтардың қолынан келмейтін қылмысқа баратын болған. Арақ ішу, темекі шегуден жігіттердің алдына түсіп кетті. Ондай әйелден қандай бала туады? Жатырда бүлінген бала ешқашан оңбайды. Одан ұлтқа пайда әкелетін ұрпақ өспейді. Ажырасу да көп. Жастай бұзылған қызды қай жігіт жар қылсын? Айта берсең, әңгіме көп. Қазақ «Қызға қырық үйден тыйым, қала берсе есіктегі күңнен тыйым» деп бекер айтпаған. Есіктегі күң мен босағадағы құлдың да қызды тыйып ұстауға хақысы болған. Сондай ел едік қой! Біздің жас кезде «бұзылған қыз» деген сөзді естімейтінбіз. Әйел бұзылды дегенше, ел бұзылды дей бер. Оны түзеу қиын. Еркектер де оңып тұрған жоқ. Жігіттердің бойындағы жалқаулық, нәпсіқұмарлық дендеп кеткен. Бұл тығырықтан шығаратын жалғыз жол – Абай.

Абай ілімін мектептен бастап жоғары оқу орындарының бәрінде оқыту керек. Шенеуніктерден мемлекеттік тілден емтихан алған сияқты Абай ілімінен де сынақ алу керек. Сонда ғана қоғам өз орнына келеді. Абайға бір кірген адам жаман жолға бара алмайды. Бұған менің көзім анық жеткен.

**Jas qazaq:** Ғылымға көңіліңіз тола ма? Жазылып жатқан диссертация,

қорғалып жатқан дипломдардың сапасы сын көтере ме?

**М.Мырзахметов:** Жоқ. Көңілім толмайды. Осы былықты жасаған адам – білім саласын басқарған әлдебір министр. Аты-жөнін, нені бүлдіргенін жұрт жақсы біледі. Министр болып тұрған кезінде менімен өлердей алысты. Мен оған «Аралас мектептерді жабайық. Қазақты құртқан сол аралас мектептер. Тіпті тарихта қазақты шоқындырған да осы аралас мектептер» дедім.

Аралас мектепті ең алғаш шығарған генерал-губернатор

отырған жеті-сегіз адам қол көтерсе болғаны, әлгі магистрант немесе докторант еңбегін қорғай береді.

Осы жаңа жүйеге ауысқалы бері бірнеше жүз доктор шығыпты. Маңдайы жарқыраған біреуі бар ма? Жоқ. Мен ғылым докторымын. Біреуге ғылыми жетекші болайын десем, бірде-бір мақалам шетелдің журналында жарық көрмеді. Сондықтан жетекші бола алмайды екенмін. Бір жағынан шетелдің журналында мақала шығару деген қып-қызыл ақша. Қысқасы, жасанды ғылым мен жағымпаз ғалымды топырлатып жатырмыз.

# «БҮГІНГІНІҢ БАЙЫНДА ҚАНАҒАТ ЖОҚ»

Кауфман. Ақмешітке барды. Қазақтың балалары бір бөлек, орыстар бір бөлек оқитын. Қазақтар орысша сайрап тұр. Бірақ сабақтан кейін орыс балаларына қосылмай бөлек ойнап жүрген. Осыны көрген генерал-губернатор «Қазақтар мен орыстарды бірге оқытыңдар», – дейді. Бір жылдан кейін келсе, қазақ-орысы қосылып, асыр салып ойнап жүрген. Содан кейін жаппай аралас мектептерді ашты. Мұндай идеяны орыстың миссионерлері де айтқан. Қазір бізде екі мыңға жуық аралас мектеп бар екен. Бұл Тәуелсіздігі тасқа жазылған ел үшін үлкен қасірет!


Білім саласындағы бүгінгі жүйе барымыздан айырды. Бұрынғы немістің жүйесі жақсы еді. Ғылыммен айналысатындар кандидаттық диссертация қорғайтын. Оның өзі талай сүзгіден өтуші еді. Комиссия мүшесінде мүйізі қарағайдай доктор, профессорлар отыратын. Ал қазір оңай. Кафедрада

Қазіргі PHD докторлар бұрынғы кандидаттардың қолына су құйып бере алмайды. Деңгейлерінің арасы – көк пен жердей.

Осы арада тағы бір қызықты айтайын. Білім саласы осы жүйеге ауысқалы қалтасы қалың әкім-қара, шенеуніктер мен әнші-әртістер жаппай магистратура мен докторантураны оқуға көшті. Қауашағында білім жоқ, бірақ қалтасында PHD доктор деген таудай атағы бар. Бұл да бүгінгі білім жүйесіндегі былықтың бір көрінісі.

**Jas qazaq:** Қазіргі жазушы қауымның беделі қалай? Жазушылар одағының құрамында 700-ден аса қаламгер бар екен. Бірақ ұлттық, қоғамдық мәселеге келгенде, соның ішінен жеті жазушы таппаймыз. Неге?

**М.Мырзахметов:** Жазушы беделі табанға тапталып жатыр. Кім дуана, кім қайыршы? Ақын мен жазушы. Өйткені баяғыдай кітап оқитын оқырманды шам жағып іздесеңіз



де таппайсыз. Бұрын «Жұлдыз» журналы қойшылардың қонышында жүретін. 200 мың таралыммен шықты дейтін. Қазір қаламақы мен кітап шығару жүйесі тұралап тұр. Бұрынғы жазушылар бір кітабының қаламақысына бір пәтер алатын. Оның бірі жоқ қазір. Содан кейін ақшасы аз, қалтасы таяз, қарны аш адамда абырой болсын ба? Капиталистік қоғам жазушы түгілі, қарапайым адамды да аямайды.

**Jas qazaq:** Мекемтас аға, тоқсаннан астыңыз. Қаншама ауыр жылдарды басыңыздан өткердіңіз. Жадыңыздан өшпейтін ең ауыр күн деп нені айта аласыз?

**М.Мырзахметов:** Ашаршылықты. Нәубет басталғанда мен 4 жаста едім. Шешем мені қолынан тастамай көтеріп жүретін. Станция мен ауылдың арасы 2,5-3 шақырым. Әкем ұста болатын. Аздап алтынымыз болды. Соны сатып күн көрдік. Кейін әкемізді бай-кулак деп тұтқындады. Түрмеде жатып көз жұмды марқұм. Үйіміз еуропалық үлгіде салынған, едені тақтайланған жақсы үй еді. Өртеп жіберді. Үйдің ортасында тіреу болған. Әкем тіреудің бір жерін білдірмей ойып, соған алтын сақтайтынбыз. Үймен бірге өртеніп кетті. Бәрі әлі күнге дейін көз алдымда.

Әкем түрмеде, ағайларым айдалып кеткен. Шешем, сегіз

айлық қарындасым үшеуіміз қалдық. Талғажау қылатын тамақ жоқ. Бір күні шешем «Сендерге тамақ істеп беремін», – деп, қазанға қартасты салып сақырлатып қайнатты. Қазанның қайнағанын күтіп жатып ұйықтап кетіппіз.

Ертесі нағашы жездемнің үйіне баратын болдық. Өріктісай деген жерде еді. Бақуатты тұратын. Екі ара сегіз шақырым. Таңертең шыққанбыз. Ашпыз. Жыбырлап келеміз. Кеш батып көз байланғанда ауылға жақындадық. Қырсыққанда алдымыздан үш қасқыр салаң етіп шыға келді. Шешем байқұс шыр-пыр болып айғайлап, қолындағы таяғымен жасқап жатыр. Қорыққанымнан шешемнің көйлегінің астына кіріп кеттім. Қасқырлар жақындап келеді. Өлім мен өмір арасында шешем тез шешім қабылдады. Не мені, не қызды аман алып қалу керек. Құндақтағы сегіз айлық қарындасымды қасқырларға қарай лақтырды да жіберді. Аш қасқырлар қызды бас салып, таласып жатқанда мені алып сайға қарай қашты. Ауылға 500 метр ғана қалған екенбіз. Алдымыздан адамдар шықты. Не болды деп шулап кетті. Айттық. Еркектер аттарымен шауып кеткен. Барса, қыздың шашы ғана қалыпты. Егер әлгі аш бөрілер

қарындасыма алданбағанда, бәрімізді жеп қояр еді. Ана үшін қандай қиын шешім болды екен?! Сондай қысқа сәтте санада ұлды, әулетті сақтау керек деген идеология болған ғой. Қазіргі жас аналарда ондай идеология түгілі, ой да жоқ шығар. Біздің бастан сондай ауыр да, азапты күндер көп өтті. Тоқсаннан астым ғой. Ғұмырнамалық кітап жазып жатырмын. Осының бәрін кіргіземін. Болашақ ұрпақ оқып, қажетіне жаратар.

**Jas qazaq:** Көпті көрген ақылгөй қария ретінде айтыңызшы, болашақтан не күтесіз?

**М.Мырзахметов:** Мен болашаққа сенетін адаммын. 2020 жылы қазақтардың үлесі 90 пайызға жуықтайды. Қазақ тілі өздігінен үстемдік алады. Ақылы жоқтар баласын орысша оқытып жатыр. Олар өкінеді. Орыс тілі қайтадан қалпына келе алмайды. Қазақстан үшін мемлекеттік тіл де, ресми тіл де қазақ тіліне айналады. Ал ағылшын тілін өркениет тілі, әлем тілі, техника тілі ретінде пайдаланатын боламыз.

**Jas qazaq:** Айтқаныңыз келсін. Әңгімеңізге рахмет!

**Жарас КЕМЕЛЖАН**

«Jas Qazaq»,  
2019 жыл, 9 тамыз

**ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА МЕРЕКЕ «23 СӘУІР  
– ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ» БЕКІТІЛДІ.**

# «ҰЛТТЫҚ КІТАП» КҮНІНЕ – «ҰЛТТЫҚ КІТАП» БАЙҚАУЫ

**Б**ұл мереке Мемлекет басшысының қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында үшінші Ұлттық құрылтайдың негізгі сессиясында берген тапсырмасына байланысты белгіленді.

Президент Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», – деген болатын.


Үкімет қаулысы 2024 жылғы 16 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Жуырда мәдениет және ақпарат министрлігі республикалық «Ұлттық кітап» байқауына қатысуға өтінім қабылдау басталатынын хабарлады. Байқау «Ұлттық кітап күні» мерекесіне орай өткізіледі.

Байқаудың басты мақсаты – кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, үздік авторларды анықтап, қазақ әдебиетінің, руханиятының дамуына ықпал ету. Сондай-ақ аудармашыларды, баспагерлер мен кітап дизайнерлерін қолдау және ынталандыру.

Байқау 10 номинация бойынша өтеді:

- *Балаларға арналған үздік кітап*
- *Үздік комикс*
- *Нон фикшн жанрындағы үздік кітап*
- *Детектив жанрындағы үздік кітап*
- *Сатира жанрындағы үздік кітап*
- *Үздік иллюстрациялық кітап*
- *Үздік аударма кітабы*
  - *Фантастика жанрындағы үздік кітап*
  - *Үздік баспа*
- *«Жыл кітабы» Гран-при сыйлығы*



**БАЙҚАУҒА СОҢҒЫ ЕКІ ЖЫЛДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН ТУЫНДЫЛАР  
ҚАБЫЛДАНАДЫ. ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАННАН КЕЙІН ТҮСКЕН  
ЖҰМЫСТАР ТІРКЕЛМЕЙДІ.**

**БАЙҚАУҒА ЖҰМЫСТАР 2025 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАР –  
1 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА ҚАБЫЛДАНАДЫ.**

**БАЙҚАУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ  
АҚПАРАТТЫ МЫНА ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ  
АЛУҒА БОЛАДЫ: +7 775 897 7788**

## Бас редактор

**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Гүлнар АХМЕТОВА**  
Директор

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**  
продюсер-менеджер

**Ғалия ҚАЛИЕВА**  
дизайнер/фотосуретші

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**  
Астанадағы меншікті тілші

**Олжас ӘБДІХАЛЫҚ**  
редактор

## МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,  
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)